

"Barakat Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 28 мамырдағы № 175 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17- бабының 5- 1) тармақшасына, 69, 71-1- баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Barakat Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2026 жылғы 17 қарашаға дейінгі мерзімге жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының жерлерінде орналасқан жалпы ауданы – 1124,4977 гектар жер учаскелеріне қаумдық сервитут белгіленсін.

2. "Barakat Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (келісім бойынша) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға шығындарды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімдері бойынша белгіленсін.

3. Барлау жұмыстарын жүргізу мерзімін, олардың нақты орнын, шығындарды өтеу және жердің нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді айқындау мақсатында уәкілетті органдармен пайдаланған жер учаскелерін жарамды күйде тапсыруға міндетті.

4. "Қарқаралы ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Қарқаралы ауданының әкімінің м.а.

С.Мусин

Қарқаралы ауданының әкімдігінің
2026 жылғы "28" мамырдағы
№ 175 қаулысына
қосымша

"Barakat Minerals" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі (2020 жылғы 17 қарашадағы №957-ЕЛ лицензиясы)

--	--	--	--	--

№	Орналасқан жері	Кадастырлық номері	Жалпы көлемі, га	қауымдық сервитут белгіленуге жататын учаскелердің бөліктерінің ауданы (лицензия шекарасында) га;
1	Исин Кайржан Несипбекович	09:133:046:053	125,0000	110,0470
2	Исин Кайржан Несипбекович	09:133:029:162	399,3000	94,4014
3	ШҚ "Ақдоңғал" басшысы Сыдын Алмасбек	09:133:029:034	391,0000	43,6340
4	Ғабдулла Ерлан Қанатұлы	09:133:056:069	800,0000	79,9335
5	Исин Кайржан Несипбекович	09:133:046:068	1000,0000	566,1769
6	Даутов Талгат Жумагулович	09:133:029:147	625,0000	41,2670
7	Шурабаев Нуркен Тулеутасович	09:133:046:059	50,0000	17,2670
8	Рысбек Диаса Мейрамұлы	09:133:046:1004	250,0000	17,3706
9	Босалқы жерлер	09:133:046:		154,4003
	Барлығы			1124,4977